

№18-10-195 от 27.12.23г

**«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының  
жобасын талқылау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырысының  
ҰСЫНЫСТАРЫ**

2023 жылғы 14 желтоқсанда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық палата мүшелері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелерін талқылады.

Ағымдағы жылдың 26 маусымда Қоғамдық палатада мемлекеттік сатып алу тұжырымдамасын талқылауда айтылған ұсыныстар Үкімет Парламент Мәжілісіне енгізген заң жобасына едәуір дәрежеде енгізілгені (имплементацияланғаны) атап өтілді.

Сонымен қатар, Қоғамдық палата мүшелері заң жобасы әділ нарықтық бәсекелестік қағидаларын сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында баптардың кейбір редакцияларын нақтылау, өзгерту, жекелеген нормаларды жетілдіру және толықтыру бөлігінде пысықтауды қажет ететінін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

***Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті (бас комитет) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:***

- құқық қолданушылардың нормаларды екі жақты түсіндіруін болғызбау мақсатында заң жобасының 1-бабына (Заңды қолдану аясы) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайтын құқықтық қатынастарды көздейтін қолданыстағы заңнаманың нормалары енгізілсін;

- заң жобасының 1-бабын тапсырыс берушілердің ақшалай қаражатты үнемдеу мақсатында, биліктің әрекетсіздігі түріндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы (сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау) мақсатында ұйымдастырылған биржалық сауда-саттықта тауарлардың белгілі бір түрлерін үлкен көлемде сатып алуын болғызбайтын жаңа тармақшамен толықтырсын;

- заң жобасының 7-бабында тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар үшін шектеулер көзделсін (мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер), сондай-ақ билікті теріс пайдалануды болғызбау мақсатында мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулерді сақтамағаны үшін тапсырыс берушінің немесе ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушілері мен лауазымды адамдарының жауапкершілігі туралы норма көзделсін;

- мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы үшін мемлекеттік сатып алуға қатысуға шектеулер енгізілсін (заң жобасының 7-бабының 1-тармағы);

- құқықтық олқылық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау мақсатында заң жобасының 7-бабының 1-тармағы «басшысы» деген сөзден кейін «құрылтайшылары (акционерлері)», «құрылтайшысы (акционері)» деген сөздермен толықтырылсын;

- лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануды және қызметі бойынша әрекетсіздікті болғызбау мақсатында заң жобасының 7-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы баптың талаптарын бұзушылықтарды **белгілеу** мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, уәкілетті органның не ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның **өкілеттіктеріне кіреді.**»;

- билікті теріс пайдалануды болғызбау мақсатында заң жобасының 14-бабының 4-тармағында (мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері мен салдары) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін конкурс (аукцион) тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алу өткізілгеннен кейін конкурстық (аукциондық) құжаттаманы өзгертуге тыйым салу енгізілсін;

- заң жобасының 16-бабының 6-тармағы (шарт жасасу және орындау) жаңа редакцияда жазылсын, онда сілтемелік норма алып тасталсын және **шарттарды бұзу тәртібі жазылсын;**

- жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі келтіруді болғызбау мақсатында заң жобасының 22-бабының 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы автоматты түрде веб-портал болып айқындалатын мемлекеттік сатып алудың қорытындылары, **еңсерілмейтін күш жағдайларын қоспағанда**, осы бапта көзделген тәртіппен шағымдарды қарау жөніндегі комиссияға шағымдануға жатпайды.»;

- мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін (тізбесін) тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсету мерзімдерін бұзған өнім берушілер толықтырсын. Бұл ретте тапсырыс берушіні осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге заңды түрде міндеттесін, бірақ осы міндеттен алып тастауды ескертсін; (заң жобасының 8-бабының 4-тармағы);

- заң жобасының 22-бабын (тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының, сарапшының, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау) мынадай мазмұндағы жаңа тармақпен толықтырылсын: «Егер шағым

өзін растауды таппаса, шағымның бастамашысы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (*саны*) тұрақсыздық айыбын немесе тендер сомасының пайызын төлейді.»;

- заң жобасының 11-бабы 6-тармағының **конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жекелеген түрлері жүзеге асырылған жағдайларда**, осы баптың 1-тармағында көзделмеген әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу туралы редакциясын нақтыласын. Мұнда мемлекеттік сатып алудың жекелеген түрлері ұғымының өзін түсіндіру қажет;

- заң жобасының 15-бабы 2-тармағының 2) тармақшасының Заңның 14-бабының 7 және 9-тармақтарында көзделген мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған шаралар шарт жасасуға алып келмеген кезде, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайы туралы редакциясын нақтыласын;

- заң жобасының 15-бабы 3-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

13) жұмыскерлерді шетелде даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді **Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің сатып алуы»;**

- заң жобасының 15-бабы 3-тармағының 26) тармақшасының **Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған** адамнан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы семантикалық мазмұнын ашсын;

- жол құрылысы саласындағы жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарына өнім берушінің (орындаушының) кінәсінен қаржылық санкциялар енгізілген жағдайда, жұмыс кестесін міндетті түрде сақтау жөніндегі талаптарды енгізу туралы мәселені қарастырсын;

- ашық бәсекелестік мақсатында мемлекеттік сатып алу деңгейлерін орталықсыздандыру, нарыққа білікті қатысушылардың көбірек санын жіберу және тауар айналымы деңгейін жеделдету мүмкіндігін қарастырсын. Бұл ұсыныс тапсырыс берушінің күнделікті жедел қызметі оның функционалдық саласымен байланысты емес екенін нақты түсінумен байланысты, сондықтан оны жүзеге асыру үшін мемлекеттік сатып алуды орталықсыздандыру қажет;

- мемлекеттік сатып алудың конкурстық рәсімдерін бірқатар кезеңдерге бөлуді көздесін – біріншіден, әлеуетті өнім берушілерді техникалық талаптар бойынша іріктеу, екіншіден, баға ұсыныстары бойынша конкурс;

- заң жобасының және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының мәтінін терминология мен рәсімдерді біріздендіріп сәйкес келтірсін;

- заң жобасының 6-бабын (мемлекеттік сатып алу процесі) сараптама комиссиясының мемлекеттік сатып алу нәтижелерін нақты қабылдау рәсімімен немесе сараптама актісімен толықтырсын;

- заң жобасының 8-бабына (мемлекеттік сатып алу саласында қалыптастырылатын тізілімдер) мемлекеттік сатып алу шеңберінде сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардан шағым беру мүмкіндігі туралы норманы енгізісін. Шағымдарды талдау жосықсыз өнім берушілерді анықтауға көмектеседі;

- заң жобасының 2-тарауында (мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру) **барлық конкурстық құжаттамаға** үлгілік талаптарды (нақтылауды) белгілесін. Заң жобасында олар мемлекеттік сатып алуды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асыру кезінде құжаттамаға ғана қатысты жазылған;

- конкурсқа қатысуға рұқсат беру процесінде әлеуетті өнім берушіні және оның өтінімін бөлу бөлігінде заң жобасының 14-бабының мазмұнын (мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері мен салдары) нақтыласын (редакциясын нақтылау). Өтінімді өнім беруші береді, бұл тәуелсіз фактор болуы мүмкін. Алайда, мәтіннен қнім берушінің өтпейтінін түсінуге болады, бірақ оның өтінімі өтуі мүмкін. Норманың мәні бір болатын редакция қажет;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның қолданысынан шығарылатын қызмет түрлерінің толық тізбесін бекіту туралы мәселені қарасын;

- өнім берушінің шартты орындамағаны үшін жауапкершілігін, егер ол тапсырыс беруші өзіне алған **талаптарды** (шарт бойынша міндеттерді) орындамау себебінен туындаса, алып тасталсын;

- шетелдік бюролардың мемлекеттік сатып алуға қатысу мүмкіндігін қарастырсын.

**Қазақстан Республикасы**  
**Парламенті Мәжілісі жанындағы**  
**Қоғамдық палатаның төрағасы**

  
**А. САРЫМ**